

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 сәуірдегі N 410 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Теңізшевройл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - ТШО) мен "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Қазақойл" ҰМК) арасында жасалған 1993 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасында сатып алғаны үшін өтеуді төлеуге қатысты Қарыз туралы шарт және ТШО, "Қазақойл" мен Трансошен Шеврон Компани арасында жасалған 1993 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасында ақша қаражатын беру туралы сұрау салулар төлеміне қатысты Қарыз туралы шарт бойынша берешекті өтеу бойынша ТШО-ның 2003 жылы бөлген ақша қаражатынан 80000000 (сексен миллион) АҚШ долларын "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) иелігіне жіберілуін қамтамасыз етсін.

2. Қоғамның ТШО мен "Қазақойл" ҰМК арасында жасалған 1993 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасында сатып алғаны үшін өтеуді төлеуге қатысты Қарыз туралы шарт және ТШО, "Қазақойл" мен Трансошен Шеврон Компани арасында жасалған 1993 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасында ақша қаражатын беру туралы сұрау салулар төлеміне қатысты Қарыз туралы шарт бойынша 64506697 (алпыс төрт миллион бес жүз алты мың алты жүз тоқсан жеті) АҚШ долларына баламалы сомаға ТШО-ға борыштарды талап ету құқықтарын мемлекеттің Қоғамның жарғылық капиталына салымының мөлшеріне заңнамада белгіленген тәртіппен енгізу туралы ұсынысымен келісілсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Г.А.Марченкоға жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі